

Байшымырова Айгерим Утегеновнаның
«6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия
(PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының
кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Байшымырова Айгерим Утегеновнаның диссертациялық жұмысының көкейкестілігі қазіргі таңда аудармашы мамандығы ең көп талап етілетін және кең таралған салалардың біріне айналуымен қатар, бұл жалпы аудармашыларды даярлау мәселесінен ғөрі, белгілі бір мамандандырылған бағыттар бойынша оқытуды қөздейді. Аудармашыларды дайындауда тілдік, кәсіби және техникалық құзыреттіліктердің біріктіруіне аса маңызды көніл бөлінген. Ақпараттық коммуникациялық ресурстарды интеграцияланған әдістемелік жүйеде қолдану болашақ мамандардың кешенді дайындығын қамтамасыз етеді, бұл қазіргі білім беру жүйесінде жеткіліксіз қамтылған мәселе.

Қазақстан Республикасы Президентіміз К.К. Тоқаевтың халқына Жолдауларында болашақ білікті маман иесін даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шарапалары көрсетілген. Сапалы білім беру – «Қазақстанның индустріясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі аудармашы бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашактағы кәсіби іс - әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген.

Байшымырова А.У. зерттеу жұмысы бойынша тұжырымдамаларын, қорытындыларын жүйелі түрде сипаттай отырып, негізгі әдебиеттер мен еңбектерге сүйене отырып терең анализ жасаған. Аударманы оқыту әдістемесі мәселелеріне қатысты бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қаралған (С.С. Кунанбаева, А.Т. Чакликова, А.К. Садыкова, В.В. Алексеева, Н.Ф. Михеева, Е.Р. Поршнева, А.Ф. Ширяев, А.П. Чужакин, Г. Барик және басқалары). Білім беруді ақпараттандыру, шетел тілдерін оқытуда ақпараттық коммуникациялық ресурстарын құру және қолдану саласындағы елеулі ғылыми- теориялық және практикалық нәтижелер отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады (Б.Б. Баймұханова, Г.К. Нургалиева, Д.М. Джусубалиева, А.Т.Чакликова, Е.С. Полат, Т.В. Кудрявцева, Е.И. Машбиц, В.М. Монахов, А.Л. Семенова, П.В.Сысоев, И.В. Роберт, I.S. Broun, J.S. Bruner, S. Papert

және басқалар) зерттеушілердің еңбектерін ұтымды қолдана терең анализ жасаған.

Байшымырова А.У. аталған тақырып бойынша жан-жақты теориялық ізденістер жасай отырып, практика барысында жинақтау, талдау, салыстыру, сияқты әдіс-тәсілдер қолдану арқылы дәлелдеп көрсеткен. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сакталған.

Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер мен жасалған қорытындыларды саралай келе, Байшымырова Айгерим Утегеновнаның «Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы негізінде «6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
Көптілді білім беру факультеті
Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының
кафедра менгерушісі, ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

А.А.Султангубиева

A. Султангубиева

А. Султангубиева	колын	
(қолдарын) растаймын		
Персоналды басқару және дамыту бөлімінің		
бастығы	<i>Л</i>	
10	12	2024 ж.

